

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ

«ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР ҮШІН ШЕТ ТІЛІ» КАФЕДРАСЫ
ҰЖЫМЫНЫҢ
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ БОЙЫНША
ЕСЕБІ

2025 жылғы 10 желтоқсанда қайырымдылық іс-шарасы аясында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Техникалық мамандықтар үшін шет тілі» кафедрасының ұжымы Шымкент қаласы, Қаратау ауданындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің ұжымымен бірлесе отырып, Сайрам ауданы, Қасымбек Датқа ауылы, Абай көшесі, 17А мекенжайында орналасқан Түркістан облысының білім басқармасына қарасты “Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы” КММ-не барып қайтты.

Бұл қайырымдылық іс-шараның басты мақсаты – орталықтағы балаларға жан-жақты қолдау көрсетіп, оларға мейірім мен қамқорлық сыйлау, адамгершілік құндылықтарды насихаттау, балалармен жылы қарым-қатынас орнатып, олардың қоғам назарынан тыс қалмайтынын сезіндіру болды.

Іс-шара барысында балаларға киім-кешек пен түрлі сыйлықтар табысталып, олардың көңілін көтеруге арналған шағын концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Балалардың жүзіндегі шаттық пен шынайы күлкі жүректерге ерекше жылулық сыйлап, қатысушыларға үлкен әсер қалдырды.

Бұл игі шара балаларға тек материалдық көмек көрсетіп қана қоймай, рухани тұрғыдан қолдау бола алды. Олар үлкендердің қамқорлығын сезініп, өз болашағына үмітпен қарауға тағы бір қадам жасады.

Қайырымдылық – қоғамды ізгілік пен мейірімге бастайтын асыл құндылықтардың бірі. Осындай игі бастамалар арқылы әрбір баланың бақытты өмір сүруге лайық екенін тағы бір мәрте дәлелдейміз. Алдағы уақытта да мұндай қайырымды істер өз жалғасын табады деп сенеміз.

Басшының орынбасары
Сарсенбаев



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК
ҚЫЗМЕТТЕРГЕ МҰҚТАЖ
БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫ" КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

№ 303

« 05 » 05 2026 ж.

Түркістан облысы Сайрам ауданы
Қайнарбұлақ ауылдық округі
Қ.Датқа ауылы Абай к-сі 17А ғим

АНЫҚТАМА

2026 жылы мамыр айының 5-і күні Қайырымдылық іс-шарасы аясы бойынша **ДЕМЕУШІЛККЕ ТАРТУ** мақсатында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Техникалық мамандықтар үшін шет тілі» кафедрасының Ph.D., аға оқытушысы **Г.А.Сатылханованын бастамасымен бірге** демеушілік жасаушы Түркістан облысы, Төле би ауданы, Леңгір қаласы, Ж.Арзымбетов көшесі, 23-ші мекемеде орналасқан «**КНГ Project**» ЖШС ұйымының тарапынан Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қасымбек Датқа ауылы, Абай көшесі 17А-де орналасқан «**Түркістан облысының арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы**» КММ-нің орталығының балаларына 200 000 теңге (екі жүз мың теңге) көлемінде қаржылай қайырымдылық көмек көрсетілгендігін растайды. Аталған қаржыға 10 дана палас, 5 дана айна, 3 дана қабырға сағаты, 5 дана төсеніш кілемшелер алынды.

«Түркістан облысының арнаулы
әлеуметтік қызметтерге мұқтаж
балаларды қолдау орталығы»
КММ-нің басшысы міндетін атқарушы:



Сарсенбаев С.А.

05 мамыр, 2026 жыл



ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№70 (235), желтоқсан 2025 ж.

Академиялық ұтқырлық:
Арманнан әрекетке

7

Наш выпускник
– НАША ГОРДОСТЬ

11

«Бір тамшы мейірім»

14

Құрметті қызыл қауым!

Қадірлі әріптестер!

Сіздерді санаулы күнде есігімізден аттағалы отырған Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Біз жылдан жылында толағай табыстарға мен биік асуларға қол жеткіздік. Биылғы жыл – нағыз еңбек пен зор ізденістер жылы болды деп ауыз толтырып айта аламыз. Дана халқымыз өткенге шүкір айтып, келер жылдан береке мен игілік сұраған. 2025 жыл университетіміз үшін айтулы оқиғаларға толы болды. Шет елдің алдыңғы қатарлы жоғары жоғары оқу орындарымен түрлі әріптестік байланыстар орнаттық. Бұл әрине ғылым және жоғары білім саласының көкжиегін кеңейтуге ықпал ететіні сөзсіз. Атап айтқанда, 2025 жылғы сәуірде Arizona State University (АҚШ) университетімен біздің оқу ордамыз стратегиялық серіктестік жөніндегі меморандумға қол қойылды. Екі ЖОО арасындағы әріптестік 2025 жылдың сәуір айында университеттік делегацияның Аризонаға ресми сапары кезінде өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоюдан басталды. Бұл ынтымақтастық жаһандық академиялық әріптестіктерді кеңейтуде және Қазақстанның білім беру жүйесінде инновацияны дамытуда маңызды қадам болды. Тағы бір табысты жетістігіміз, АҚШ-қа сапарым аясында Lawrence Technological University (АҚШ) университетімен ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды. Қазіргі уақытта химиялық инженерия және электротехника бағыттары бойынша бакалаврлар үшін 3+1 моделін енгізу және қос диплом бағдарламаларын әзірлеу, сонымен қатар студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильдігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Санамалай берсек, мұндай іргелі жаңалықтарымыз өте көп. Алдағы уақытта да ұжымның ауызбіршілігін тұғыр етіп, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруді жалғастыра береміз.

Бізді біріктіретін береке мен ынтымақ, татулық пен бірлік екені сөзсіз. Тәуелсіз еліміздің байрағы мәңгі биікте желбіресін! Келе жатқан Жаңа жыл баршаңызға құтты болсын!

Есігімізден аттағалы отырған Жылқы жылында сіздерге шығармашылық табыс, асқақ абырой мен сарқылмас күш-қуат тілеймін! Отбасыларыңызға береке мен бақ ұяласын!

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Құрметпен, М. Әуезов атындағы ОҚЗУ Басқарма
Төрағасы-ректор
Дархан Ахмед-Заки

«Менің алғашқы стартапым» байқауының жеңімпаздары анықталды

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде студенттер мен магистранттар арасында дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Менің алғашқы стартапым» атты бизнес-идеялар байқауы өз мәресіне жетті. Инновациялық идеялар мен тың шешімдер тоғысқан бұл байқау — жас кәсіпкерлердің қабілетін ұштап, олардың әлеуетін танытатын үлкен мүмкіндік алаңына айналды.

Аталған шара университеттің Ғылым және кәсіпкерлік департаментіне қарасты «Бизнес-инкубатор» бөлімінің ұйытқы болуымен өтті. Жарысқа жалпы саны 87 қатысушы өтінім беріп, оның ішінде 30 бірегей жоба іріктеу кезеңіне жолдама алды.

Қатысушылардың стартап жобаларын инвестиция тарту және бизнес саласының білікті мамандарынан құралған сарапшылар тобы бағалады.

Байқаудың басты мақсаты — білім беру ортасында студенттік кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, инновациялық идеяларды дамыту және оларды нақты өнім ретінде нарыққа шығару. Осы арқылы университет қабырғасында болашақ кәсіпкерлерді тәрбиелеу жүйелі түрде жүзеге асып келеді.

Жалпы жұлде қоры — 2 200 000 теңге. Бұл қаражатүздік жобаларды қолдап, олардың алғашқы қадамдарын қаржылай қамтамасыз етуге бағытталды.

Байқау нәтижесі бойынша:

I орын – «Табиғи қуат – ұлттық дәм» жобасымен «Тоқыма және тамақ инженериясы» жоғары мектебінің студенттері Д. Сарыпбек пен М. Шабданбек жеңімпаз атанды. Құрт, жаңғақ және кептірілген жемістер қосылған сұлы батончик өндіруге арналған бұл идея 500 000 теңгелік грантқа ие болды.

II орын – 400 000 теңгелік сыйақымен екі жоба марапатталды:

- Б. Айдардың сүйек қалдықтарын тыңайтқышқа айналдыру технологиясы («Аграрлық» факультеті);

- Ж. Тәжібайдың «Green vibes safe» шағын дәмханалар желісі жобасы («Тоқыма және тамақ инженериясы» жоғары мектебі).

III орын – әрқайсысы 300 000 теңге көлемінде грант иеленді:

- Ә. Ахметов – инфрақұрылымды жаңғыртуға арналған 1-1,5 см қалыңдықтағы эпоксидті-құмды экологиялық жабын технологиясы жобасы («Сәулет, құрылыс және көлік» факультеті);

- Ж. Бекетова – «Ақылды гардероб» жүйесі («Механика және мұнай-газ ісі» факультеті)

- И. Райм, М. Сабасханова, Г. Өтеш – «Juqra&Et» ұлттық тағам бренді («Тоқыма және тамақ инженериясы» жоғары мектебі)

Сонымен қатар, «СПК Melon juice Co» директоры Мейіржан Әлімханұлының демеушілігімен А. Ақтай әзірлеген «Tartu» домбыра үйренуге арналған мобильді қосымшасы арнайы номинация мен сыйақыға ие болды.

Байқау соңында сарапшылар студенттік жобалардың теориямен қатар практикаға да бейімделгенін ерекше атап өтті. Университеттің кәсіпкерлік экожүйесін дамытудағы бұл бастаманың маңыздылығы жоғары бағаланып, болашақта мұндай алаңдар жиі ұйымдастырылуы қажет деген ұсыныстар айтылды.

Auezov University: AI технологиялар негізінде трансформациялауды бастады



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде жасанды интеллектті (ЖИ) оқу үдерісі мен ғылымға енгізуге бағытталған жаңа жобалар бастау алды. Осы жұмыстар аясында «Басқарылатын цифрландыру және өзгерістерге жүйелі көзқарас» тақырыбында екі күндік стратегиялық сессия өтті. Іс-шараға университеттің басшылық құрамы, факультет және жоғары мектеп декандары, құрылымдық бөлім басшылары қатысып, AI-first қағидаты мен цифрлық дәуірдегі университеттің рөліне қатысты біліктіліктерін арттыруда.


Спикер – Қазақстандағы жасанды интеллект және цифрлық трансформация саласының білікті маманы, PhD, innoforce.kz компаниясының инновация жөніндегі директоры Санжар Аубакиров.

Университет ректоры Дархан Ахмед-Заки іс-шарада бұл бастама ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмасы аясында жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

–Президент өз Жолдауында жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісіне ЖИ енгізу туралы біршама ұсыныстарын айтып, нақты тапсырмаларын берді. Осы бағытта университетімізде ЖИ ұтымды тұстарын қолға алуда АҚШ, Қытайға жұмыс сапары аясында жетекші жоғары оқу орындарының AI университеті бағытындағы озық тәжірибелерімен таныстық. Атап айтқанда, жоғары оқу орындары мен Open AI, Anthropic, Google секілді компаниялары арасындағы өзара іс-қимыл тетіктері, Arizona State University (ASU), Northwestern, Peking, Fudan, Tsinghua университеттерінің университет жұмысын ұйымдастырудың ішкі үдерістерінде алдыңғы қатарлы AI-first және Human-centric тәсілдерді қолданудағы жұмыстарын өз көзімізбен көрдік.

Ендігі кезекте Әуезов университетін жасанды интеллект негізінде трансформациялау бойынша нақты қадамдар жүзеге асырылады. Бүгінгі стратегиялық сессия – осы бағыттағы жұмыстың алғашқы бастамасы, – деді Дархан Жұмақанұлы.

Сессияның бірінші күні Санжар Әубәкіров цифрландыру, автоматтандыру және трансформациялау тәсілдерін түсіндірді, басқарушылық шешімдер қабылдаудағы өзекті мәселелерді және оларды шешу жолдарын ұсынды.



Әуезов университетінің студенттері мен түлектері – «Үздік жастар – 2025» жеңімпаздары!

Шымкент қаласында мемлекеттік жастар саясатын дамытуға үлес қосып жүрген белсенді жастарды ұлықтайтын дәстүрлі «Үздік жастар – 2025» премиясы өз жеңімпаздарын анықтады.

Қалалық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен өткен салтанатты шарада Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков жеңімпаздарды арнайы марапаттады.

Биылғы байқауға 14 пен 35 жас аралығындағы 250-ге жуық үміткер қатысып, солардың ішінен тек 20 жас қана «Өз саласының үздігі» атағына ие болды. Қуантарлығы, Әуезов университетінің студенттері мен түлектері де – осы таңдаулылар қатарында!



Үздік студент – Сая Сихым

Үздік пікір-сайысшы – Мехринисо Абдурашидова

Үздік жас ғалым – Асель Дархан

Сондай-ақ, Әуезов университетінен түлеп ұшқан түлектеріміз де биіктен көрінді:

Үздік хореограф – Айдана Керім

Үздік жұмысшы маман – Шындәулет Маханов

Үздік қызметкер – Шынар Дәуренбекқызы

Үздік спортшы – Сұлтан Заурбек

Мегаполистегі 400 мыңға жуық жастың ішінен оқ бойы озық шығу – үлкен қажыр-қайрат пен білімнің жемісі. Жеңімпаздарға қала әкімінің атынан арнайы дипломдар, статуеткалар және планшеттер табысталды.

Бұл марапат – жастардың елдің саяси-қоғамдық өміріне қосқан зор үлесі мен арманға деген адалдығының айқын дәлелі. Барша жеңімпаздарды жарқын жеңістерімен шын жүректен құттықтаймыз!

Студенттердің ең үздік туындылары «Өрнек өрмегі» көрмесінде ұсынылды

М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мәдениет және өнер» факультетінде Тәуелсіздік күніне орай ерекше рухтағы шығармашылық көрме өтті. «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының графика және сәндік-қолданбалы өнер мамандықтарының студенттері бір семестр бойы дайындаған ең үздік туындыларын көпшілік назарына ұсынды.

«Өрнек өрмегі» атты көрме – тек есептік шара емес, өнерге құштар жастардың ізденісі мен еңбегінің көрінісі. Әр туындыда – ұлттық бояу, терең мағына, шығармашылық шабыт бар.

Көрмені дайындауға жетекшілік еткен – кафедраның тәжірибелі аға оқытушылары А.Абылаев пен

Г.Жолдасбекова. Жас шеберлер бағыт берген жетекшілеріне алғыс айтып, ілтипат білдірді.

Іс-шарада сөз сөйлеген факультет деканы Медеубек Тәңірбергенов студенттердің өнер жолындағы қадамдарына сәттілік тілеп, Тәуелсіздігіміздің құндылығын ұмытпай, ел игілігіне қызмет ететін шығар-



машыл ұрпақ болуға шақырды. Сондай-ақ, алдағы уақытта жеке авторлық көрмелерге ұмтылуға кеңес берді.

Көрмеге белсене қатысқан барлық студенттер мен жетекшілерге Алғыс хаттар табысталды.



Жұмысшы мамандықтары жылы: Колледж – еңбек нарығына апарар жол



Қазақстанда 2024 жылдың «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялануы елдегі еңбек нарығын жаңғыртудың маңызды әрі стратегиялық қадамы болды.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжі бұл жылы үлкен жұмыстар атқарды: кәсіпорындармен әріптестікті кеңейтті. Дуальды оқыту үлесі артып, студенттердің өндірісте тәжірибе жинақтауы жеңілдеді. Қазіргі таңда колледжде 78 кәсіпорын және 400 студентпен үш жақты келісімшарт жасалған, бұл жүйе студенттердің нақты өндіріс саласында тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді. Яғни дуальды оқыту жүйесі арқылы білім алушылардың жұмысқа орналасу көрсеткіші — 95% ті құрап отыр. Сонымен қатар үш жақты келісімшарты еңбек шартына теңестіреді,

еңбек өтілім саналады, еңбек міндеттерін орындау кезіндегі сияқты жалақысы және әлеуметтік төлемдер қарастырылған.

Қазіргі жаһандық экономикада техникалық мамандықтарға сұраныс бұрынғыдан да жоғары. Өндірістің автоматтандырылуы, цифрландыру, жаңа технологиялардың енгізілуі жоғары білікті техниктер мен операторларды қажет ететіндігі белгілі. Сондықтан да «Жаңа мамандықтар мен Құзыреттер атласын» негізге ала отырып, Ғимараттарды жобалау мен пайдаланудың автоматтандырылған жүйелері /BIM-техник біліктілігі, Ландшафт дизайны/Ландшафт дизайнері сияқты мамандықтарды ашу үшін «Талап» КЕАҚ реестріне қараша-желтоқсан айларында білім бағдарламаларын енгіздік.

Қолданбалы бакалавр бағдарламасын ашу – қазіргі еңбек нарығының сұранысына тікелей жауап беретін маңызды қадам. Ол теориядан гөрі практикаға, нақты өндірістік дағдарыстарды шешуге бағытталған мамандар дайындауды көздейді. Сондықтан да кол-

ледждің алдында тұрған міндеттердің бірі - қолданбалы бакалавр ашу. Қазіргі таңда дайындалып отырған білім бағдарламалары:

06120100 - Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша) Біліктілік коды және атауы: 5AB06120101 - Есептеу техникасы және ақпараттық желілердің қолданбалы бакалавры

07150100 Машина жасау технологиясы (түрлері бойынша) Біліктілік коды және атауы: 5AB07150101 Машина жасау технологиясы қолданбалы бакалавры

08410100 - «Ветеринария» 5AB08410101- Ветеринарлық-санитарлық дәрігер қолданбалы бакалавры

10130300-Тамақтандыруды ұйымдастыру 5AB10130301-Тамақтандыруды ұйымдастыру қолданбалы бакалавры

Білім алушыларға игерілген кәсіби құзыреттіліктерін іс жүзінде көрсетуге мүмкіндік беретін қорытынды аттестаттау өткізу – демонстрациялық емтиханға ауысты.





2024 жылдан бері колледж қорытынды аттестацияны демонстрациялық емтихан түрінде өткізуді бастады, яғни біліктілік емтиханы кәсіпорындарда өткізілуде. Биылғы оқу жылы техникалық мамандықтар бойынша 100% демонстрациялық емтихан өткізуді жоспарлауымыз да кәсіпорындардың техникалық және кәсіптік білім беруді қолдауы деп түсінеміз.

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында колледж ұйымдастыруымен бірнеше іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтсақ, Халықаралық аспазшылар күніне орай «Дәмді Fest-2025» фестивалі, «Дәм мен дәстүр көрмесі» және «Өнерлі аспаз - 2025» байқауы өтті. Көрмеге Шымкент қаласының 19 мектептен оқушылар, ал байқауға 6 команда қатысып бақ сынасты.

2025-2026 оқу жылы колледж бірінші рет «Тігінші», «Аспазшы» жұмысшы мамандықтары (оқу мерзімі 10 ай) бойынша талапкерлер қабылдады.

«Электрондық еңбек биржасы» бірыңғай цифрлық платформасы арқылы жұмысқа орналастыру мақсатында жұмыспен қамту басқармасының мамандармен бірлескен оқыту курстары ұйымдастырып, 132 білім алушы арнайы сертификатқа ие болды.

2 қазан - «Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру қызметкерлер күні» деп белгіленіп, республикамыздағы кәсіби мерекелер тізбесіне енгізілуіне байланысты колледжде концерттік бағдарлама жасалып, іс шара өтілді.

«ЗАРЕЧНОЕ» шетелдік инвестициясымен Қазақстан-Ресей-Қырғыз бірлескен кәсіпорыны» арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Ынтымақтастықтың басты мақсаты — студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуіне жағдай жасау, заманауи мұнай және газ, уран кен орындармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту және жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнату.

Колледж «Зияткер-2025» интеллектуалды сайысын жоғары

дәрежеде өткізді. Сайысқа қаладағы 18 колледжден 18 команда қатысты.

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Шымкент қаласы Білім басқармасы және республика бойынша ұйымдастырылған іс шараларға қатысып педагогтер мен білім алушыларымыз алдыңғы қатарлардан көрінді. Атап айтсақ:

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының арасында өткен республикалық спартакиадаға білім алушы қыздарымыз волейбол спорт түрінен жарыста 4 қала 14 облыс арасынан 1 орын иеленді;

Түркістан қаласында Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының арасында өткен «SHEFS INNOVATION» атты республикалық жарыста «Қызмет көрсету» саласы бойынша оқытушы Торманова А. II орынды иеленсе, колледждің арнайы пән оқытушысы Ахметова А.Б. дайындаған студенттеріміз «Мерей Fest» байқауына қатысып «Көрермендер көзайымы» номинациясын жеңіп алды.

Мирас колледжінде өткен «STARTUP MIRAS: білімнен-бизнеске» атты колледжаралық байқауына «BEL STYLE collection» көркем бел стиль топтамасы атты

жоба атауымен «Этно - Шик» (Ұлттық нақыш пен заманауи сәннің үйлесімі) командамыз қатысып, жүлделі II-ші орынға ие болды. Жетекші- Сабденова А.О. және студенттер Сарсенбай Айдана, Баймахан Ажар, Мылтықбай Ұлдана. II орын ұтып алып, 70000 теңге сертификатқа ие болды.

Шымкент қаласы білім басқармасы әдістемелік орталығынан «Мен өз ісімнің шеберімін» атты колледжаралық аймақтық кәсіби шеберлік байқауында «Үздік WEB жоба» номинациясы бойынша білім алушы Алибаев Бауыржан, жетекшісі: Нуридин Нұртілек дипломмен марапатталды. 2025ж.

«Халықаралық тәрбиешілер мен зияткерлік балалар ғылымдар академиясы» Қазақстан ұлы ақыны, ойшыл, ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай ұйымдастырылған «Абай оқулары» халықаралық әдеби байқауында білім алушы Қазыбек Н. жүлделі II орынға ие болды.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұйымдастырған «Мен кәсіпкермін» республикалық Гранд турнирінде «Білім, байланыс, ақпарат және ақпараттық технологиялар» бағытында «Қазақи ұлттық нақыштағы балалар боямақтарын авторлық негізді шығару» жобасы бойын-

ша колледж білім алушысы Жолдасбай Әділби II орынға ие болды. Астана қ.

ҚР мәдениет және ақпарат министрлігі АBYROLART-«АБЫРОЙ» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Тарих ата» олимпиадасына білім алушы Әлімбек Қарлығаш қатысып, II орын иеленді. Астана қ.

WorldSkills Shymkent чемпионаты бойынша да жетістіктеріміз жыл сайын көтерілуде: «Флористика», «Ұшқыссыз ұшу аппаратын басқару», «WEB технологиясы» құзыреттілігі бойынша 1-орындар, «Электромонтаждық жұмыстар» «Плита қаптау» «Кірпіш қалау» «Компьютерлік ойындарға арналған 3D модельдеу» «Сән технологиясы» құзыреттіліктерін 2,3-орындарға иеміз.

Қорытындылай келе, колледжде жүзеге асырылатын жұмысшы мамандықтары бойынша білім беру бағдарламалары еңбек нарығының талаптарына сай әзірленіп, білікті кадрлар даярлауға бағытталған. Теориялық білім мен өндірістік тәжірибенің үйлесуі түлектердің кәсіби құзыреттілігін арттырып, олардың табысты еңбек жолын бастауына мүмкіндік береді.

Г.САДУАКАСОВА,
Колледж директорының м.у.а





Күнделікті өмірде дене шынықтыруды сүйетін жандар өте көп. Әлемде және елімізде болып жатқан спорт жаңалықтарын асыға күтіп, Қазақстан спортшыларының тілеуін тілеп, спортқа байланысты кез келген ақпаратқа елеңдей жүретін жанкүйер көбеюде.

Қос шебер – қос жеңіс

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» - деп бекер айтпаған.

Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Бұл туралы ұлы ойшыл Ибн Сина да өз шығармаларында айтқан. Ол сондай-ақ спортты мағынасына қарай жеңіл, ауыр сияқты бірнеше.

ЭФ-23-7к тобында оқитын екі студентіміз – Сауле Алимбек пен Таисия Утелбаева – елінің туын желбіреткен спортшы қыздар.

Сауле Алимбек – нысананы көздеуден оқ арудан спорт шебері. Бұл оқ атумен айналысудың пайдасы өте көп. Алдымен бұл – адамның рухани жетілуіне, физикалық дамуына оң әсер ететін өнер әрі спорт. Екіншіден, жас буынның мінез-құлқының салмақты болуына ықпалын тигізеді. Нысананы көздеуден оқ аруды меңгерген жастардың мінезі байсалды болады. Өйткені садақшыға байсалдылық ауадай қажет. Бұл спортта ашуға бой алдырып, асығыс әрекетпен жеңіске жету мүмкін емес.

Сауле Алимбектің 2025 жылғы спорттық жетістіктері ерекше мақтауға лайық. Ол түрлі халықаралық және республикалық жарыстарда еліміздің намысын абыроймен қорғады:

- Азия чемпионаты - 3-орын (10 метр), 3-орын (25 метр) — Қазақстан, Шымкент;

- Азия кубогы - 2-орын (10 метр) — Тайланд, Бангкок;
- Әлем кубогы - 6-орын (25 метр) — Германия, Зуль;
- Спартакиада - 1-орын (10 және 25 метр) — Қазақстан, Алматы;
- Қазақстан Республикасының чемпионаты - 1-орын;
- ТМД елдерінің ойындары - 6-орын — Әзербайжан, Баку;
- Халықаралық жарыс - 1-орын — Қазақстан, Шымкент.

Ал Таисия Утелбаева – каратэ-WKF спорт шеберіне үміткер. Бұл спорт түрінде тек дене дайындығы: күш, шапшаңдық, шыдамдылық пен ептілік қана емес, сонымен қатар мінсіз меңгерілген әдіс-тәсілдер, айла-амалдар және ең бастысы — спортшының ішкі рухының мықтылығы сынға түседі.

Таисия осы талаптардың барлығын бойына сіңіре отырып, каратэ өнерінде биік белестерге ұмтылып келеді.

Таисия Утелбаеваның 2025 жылғы жетістіктері де мақтануға тұрарлық. Ол — Орталық Азия чемпионатының жеңімпазы (1 орын), Қазақстан Республикасының чемпионатында бірнеше мәрте күміс және қола жүлдегер атанды (2 және 3 орын). Сонымен қатар, 2025 жылғы Универсиадада күміс медаль иеленді (2 орын).

Ел намысын қорғап жүрген спортшы қыздарымыз Сауле мен Таисияға тек сәттілік тілейміз! Жеңіс туы әрдайым желбірей берсін!

К.АТЕНОВА,
ЭФ 23-7 К топ тәлімгері





Академиялық ұтқырлық: Арманнан әрекетке

Бүгінде М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті халықаралық байланыстар аясын кеңейтіп, әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен әріптестік орнатып келеді. Соның нәтижесінде көптеген студенттер академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы шетелдік университеттерде білім алу мүмкіндігіне ие болуда. Бұл – жас буынның тек кәсіби білімін тереңдетіп қана қоймай, дүниетанымын кеңейтуге, басқа елдің мәдениетімен танысып, жаңа орталарда өзін сынауға таптырмас мүмкіндік.



лер де басқа. Бірақ уақыт өте келе үйренісіп кеттім. Университеттің өзі де, студенттер де өте ашық, көмек керек бірден көмектеседі. Бос уақытымда қаланы аралап, жаңа жерлерді көріп жүрмін. Познань – тыныш, таза және жайлы қала. Әсіресе ескі қаласы (Stare Miasto) ерекше атмосфера береді. Сабақтардың форматы да басқа: мұнда практикалық жұмыс көп, жобалар жасау жиі болады. Сол арқылы өзімді жаңа қырынан танып, қызығушылықтарым кеңейгендей болды. Бұл уақыт маған жай оқудан басқа, өзіме сенімді болуды, жаңа ортаға тез бейімделуді және жаңа мүмкіндіктерге ашық болуды үйретті», - дейді Жанқожа.

Шетелдік сапардан алған әсерімен бөліскен Жанқожа университет ұжымына алғысын білдіре отырып, мұндай мүмкіндікті барлық студенттерге пайдалануға кеңес береді.

Ал Амангелді Мерей – “Сәулет, құрылыс және көлік” факультетінің 3-курс студенті. Ол 2025 жылдың күзгі семестрінде академиялық ұтқырлықпен Түркияның Стамбул Күлтур университетінде оқу мүмкіндігіне ие болды.

«Стамбул – тарихы, мәдениеті және ерекше атмосферасымен мені әрқашан қызықтырған қала болатын. Осы қалада білім алу – мен үшін жаңа белес, жаңа тәжірибе және өмірімдегі үлкен қадам. Мұнда оқудың алғашқы күндерінен бастап өзімді басқа қырдан танып, жаңа орта мен жаңа көзқарастардың қаншалықты шабыт сыйлайтынын сезіндім. Бұл тәжірибе маған тек кәсіби білім ғана емес, өзіме деген сенімділік пен жаңа мақсаттар сыйлады. Өз мамандығымды халықаралық деңгейде танып, болашағыма жаңаша жоспарлар қоса алдым. Осындай тамаша мүмкіндік бергені үшін Мұхтар Әуезов атындағы университетке, Стамбул Күлтур университетіне және академиялық ұтқырлық бағдарламасын ұйымдастырған барлық жандарға үлкен алғысымды білдіремін», - дейді ол.

Мұндай шетелдік білім – студенттің кәсіби қалыптасуымен қатар, әлемге ашық, жан-жақты тұлға болып дамуына жол ашады. Әуезов университеті алдағы уақытта да осындай мүмкіндіктер аясын кеңейтіп, білімге құштар жастарға қолдау көрсете бермек.

Солардың бірі – “Кадастр” мамандығының 2-курс студенті Жанқожа Абдушамаев. Ол 2025 жылдың күзгі семестрінде Польшадағы Poznań техникалық университетінде (Politechnika Poznańska) білім алды. Жанқожаның айтуынша, алғашында жат ортада бәрі бөтен көрінгенімен, уақыт өте келе Еуропадағы білім беру жүйесіне де, жаңа ортаға да бейімделіп кеткен.

«Польшаға алғаш келген сәттен бастап бәрі жаңа болып көрінді: қала, адамдар, сабақ форматы, тіпті күнделікті ұсақ-түйек нәрсе-



Халықаралық додада – жүлделі үштік!



Оқу жылының басында «Механика және машинажасау» кафедрасына 2025 жылдың 26–28 қараша аралығында Satbayev University базасында өтетін «Механизмдер және машинатану» (SIOMMS) бойынша 6-шы Халықаралық студенттік олимпиадаға қатысу туралы шақыру келіп түсті. Satbayev University – ғылыми-инновациялық зерттеулер мен жоғары дәлдікті өндіріс инфрақұрылымы жақсы дамыған, Қазақстандағы №1 ұлттық зерттеу техникалық университеті.

Бұл алтыншы халықаралық олимпиада бұған дейін келесі университеттерде өткен сайыстардың жалғасы болып табылады:

- Ижевск мемлекеттік техникалық университеті, Ресей, Ижевск (2011 ж.);
- Шанхай Цзяотун университеті, Қытай, Шанхай (2013 ж.);
- Мадрид Карлос III университеті, Испания, Мадрид (2016 ж.);
- Папа Католик университеті, Перу, Лима (2018 ж.);
- Мадрид Карлос III университеті, Испания, Мадрид (2022 ж.).

Кафедрада дайындық жұмыстары жүргізілді. «Машиналар мен механизмдер теориясы» және «Құрастыру негіздері және машина бөлшектері» пәндерін меңгеріп жүрген студенттер арасында іріктеу өтті. Нәтижесінде ММГ-23-14к тобының студенттері (ББ 6В07124 – Электротехникалық машинажасау және энергетикалық жүйелер инжинирингі) – Самандар Абзалов, Ақерке Курбан және Азиза Султанмурат таңдалып алынды.

Аталған студенттермен механизмдер және машинатану бойынша қосымша сабақтар, сондай-ақ ағылшын тілі бойынша да дайындық жүргізілді. Бұл ретте студенттерді олимпиадаға дайындауда үлкен еңбек сіңірген кафедра профессоры Мырзалиев Дархан Сапарбайұлын ерекше атап өткен жөн.

25 қараша күні іріктеліп алынған үш студент және команда жетекшілері, профессор Мырзалиев Дархан Сапарбайұлының бастауымен Алматы қаласына аттанды.

Халықаралық олимпиада барысында Әуезов университетінің командасы жоғары білім деңгейін көрсетіп, 11 команданың ішінен жүлделі үшінші орынды (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасымен қатар) иеленді.

Бірінші орынды Қытай, Ресей және Румыния командалары, екінші орынды Испания командасы жеңіп алды.



Механизмдер және машинатану (SIOMMS) бойынша өткен VI Халықаралық студенттік олимпиадада біздің университеттің командасы сәтті өнер көрсетті. Олимпиада қорытындысы бойынша қатысушылар арнайы сертификаттармен марапатталды.

Әсіресе, ММГ-23-14к тобының студенті Султанмурат Азиза ерекше көзге түсіп, «Құрылымдық талдаудағы бірегей шешім» номинациясы бойынша ұйымдастыру комитетінің арнайы дипломына ие болды.

«Механика және машинажасау» кафедрасының ұжымы студенттер Абзалов Самандар, Курбан Ақерке, Султанмурат Азизаны және оларды олимпиадаға дайындаған жетекшісі, профессор Дархан Сапарбайұлы Мырзалиевті халықаралық додадағы табысты нәтижелерімен шын жүректен құттықтайды!

Бұл жеңіс – кафедраның білім мен ғылымдағы жүйелі еңбегінің, білікті мамандар даярлаудағы жауапкершіліктің айқын көрінісі.

О.СЕЙДУЛЛАЕВА,
«Механика және машинажасау»
кафедрасы докторанты



Педагогика және мәдениет факультетінде (ПИК) А есімді студент оқыды. Ол — тікелей шашы болмаса, өзге студенттермен қатар тұрғанда бірден көзге түсетіндей емес еді. Мектепте жүргенде домбыра шертіп, гитарада да әжептәуір ойнайтын. Әнге шын ғашықтығына сенетін болар, ешкімнің сөзіне құлақ аспастан, өнер жолынан бас тартпай, осы университетке келіп түскен еді.

Белгісіздікке секіру



Оқудың алғашқы күндерінен бастап дәлізде сәлемдескенде зу етіп өте шығатын бір оқытушыны жақтырмай қалған. Сабақ кестесінен пәндердің атауын қарап отырып, көзі жаңылып қала беретін.

— «МТЖ тар теор» проф. Омар Е. —
Өй, бұл басқа топ екен ғой...

— Тағы да тарих па?

Майда әріппен жазылған «Сах. Плас. Рит. Тех.» деген сабақ бар екен, бірақ бұл пәннің не туралы екенін мүлде түсіне алмады. Аудиториясын жаттап алды. Барса, өзі секілді бірен-саран студент әр жерде шашырап отырған. Шамамен бес минуттан соң өздерімен қатарлас бейтаныс сары қыз жүгіріп келіп асығыс түрде:

«Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, 1-курстарды акт залға шақыр ватыр ағай, бәрі сонда, жиналамыз» - деді де, соңғы сөздерін жұтып қойып, асығыс жүгіріп кете барды.

Студент А әркімнен сұрап жатпай-ақ әлгі сары қызбен жарысып акт зал деген кең бөлмені де тапты. Орындықтар көп екен. Біріне отыра салды да, сахна жаққа көз салды. Оқытушыны бірден шырамытып, сәлден соң таныды. Дәл өзі. Әлгі дәлізде сәлемін алмаған, тәкаппар кейіп танытқан оқытушы...

Өзінен бұрын сымдай жіңішке ұзын аяғы, жарқыраған туфлиі, әсем қайыс белдігі, өте ұқыпты үтіктелген көйлегі көзге түсетін педагог сабағын аудиториядан гөрі акт залында өткізгенді жөн көретін. Стильді оқытушы студенттерді журналмен түгендеп жатпай-ақ, авансцена, сцена деген сахна бөліктерімен тез-тез таныстырып жатқан еді. Сол сәтте ол сол жағына қисайып отырып, аяқ астынан құлап түсті.

Сол жердегі топтан суырылып шыққан жанашыр қыздар ағайдың жанына дереу жетіп, тұрғызбақ болғанда, ол түк болмағандай орнынан атып тұрды.

— Ойба-аай! Ужас! Қорқып кеттім ғой... Ух, шын емес екен, жүрегі ұстап қалды ма деп қалдым! — десіп жатты студенттер. Сөйтсе, ағай 1-курс студенттерін осылайша бірден анықтап алады екен. Бәсе, артқы жақта отырған қыз-жігіттер былқ етпеген еді — старшактар екен ғой.

Оқытушы өзін осылай таныстырып,

пәннің мақсатын қимылымен ұқтырып ап орысша-қазақша аралас нақты-нақты етістіктермен түсіндіріп тастап келесі дене қимылдарына кірісіп кетті. Сахнада қолына от жағып алып, бірнеше секунд ұстап тұрып, көп ұзамай өшірді де аман-сау қолын көрсетті, біресе қылыштасты, бәйгедегі, көкпардағы шабандоз болды, біресе ат үстінде қыз құды, бокстасты, шпигатқа отырды. «Ал, көріп алдыңдар ма?» - деп шалқадан құлау, шалынып құлау, жүрек ұстап құлау, әйтеуір құлаудың да түр-түрін көрсетті. Сабақ соңында оқытушының түрі бу машинасынан шыққандай еді.

Ағайдың қатаң оқыту стилі мен өткір дәлдікті үнемі талап етіп отыруы — ережелерге қарсы тұрудан және пікірін айтудан қорықпайтын студент А-ның батылдығымен жиі қиылысып қала берді. Бұл оқытушының кейде студенттің киімінен басталып, дене бітіміне дейінгі барлық бөлшектерін мұқият бағалап, имидждік кеңестер беріп, сынап алатынын студент тағы да жақтырмады. Серісымақ ағайдың студенттік кезінде өнер факультетінде аласа бойлы, фактурасы онша емес жастар талантымен көзге түссе де, шығармашылық емтиханнан өте алмаған екен. Өзінің сахна үшін жаралғанын дәлелдегісі келе беретін студенттерді сабақта шыр айналдырып шығып, салмақ тастаған немесе керісінше қосқан жағдайда, мұрнын ұзартқанда, бұлшық етін өсіргенде қандай образдарды алып шыға алатынын айтып, диетаға немесе спортқа ынталандыратынын студент байқады.

Биік қабақты, аққу мойынды, грек мұрынды, Платон кеуделі, аққұба екенін тұңғыш рет ағайдың аузынан естіген кейбір мақтаншақ қыз-жігіттер үзілісте айна алдында ұзақ аялдайтын. Өздерінше «Король Лир», «о. Клепатра», «Фархад», «Шаһризада» - деген кісілермен сөйлесіп тұратын. Сессияға жақындаған сайын табиғат сұлулығын аямаған жастардың да бет-әлпеті алуан түрлі боп кететін. Бірінің езуі екі құлағына аз ғана жетпей тұрса келесі бірі ботадай боздап, өксігін баса алмай, алдынан шықсаң кеудеңе басын қойып егілуге, құшаққа еніп кетуге дайын тұратын. Тыныш жүрмей жоғары курста оқитындар сессияны айтып сәтті қорқытып қоятын. Ұзын құлақтың таралуы бойынша коллоквиумнан өткізбей

қинап студент байғұстан ақша жинап алатын профессор дей ме кандидат дейме?, әйтеуір жексұрын апай-ағайлар да кездесетін көрінеді. Алайда, А студенттік өмірдің қиындықтарына берілмеді. Пән түк қызықсыз болса да 3 алмауға тырысып бақты.

Факультеттің акт залында студент пен оқытушы арасында бір жағдай орын алды. Бұл жолы ағай өткен жолғыдай белсенді болмады. Ақ жейдесін, трикосын киіп келген студенттерге өлімсіреп жанып тұрған жалғыз шамның ғана жарығында трюк жасататынын айтты. 9 қабат жастық қойып біршама биіктіктен соның үстіне студентке секіру пәрменін берді. Қараңғыда сасқалақтап тұрған студент іске кіріскенде айлакер ағай шапшаң қимылдап әлгі мамықтарды жинап тастады. Бұл студенттерді қиын психологиялық жағдайға душар ететін. Кезегі келген студент А оқытушының бұл тапсырмасын орындаудан бас тартып, наразылығын білдіреді. Режиссер А ға мырс етіп күліп, жақындап, төбесінен бір сканерлеп шығып: «келте аяқтарың тапсырманы орындауға мүмкіндік бермейді, солай ма қортық?, сен қорқып тұрсың, маған қортықтар және қорқақтар ұнамайды!» - деп тәкаппарлықпен күлді. Залда жас адамдардың да күлкісі естілді ме әлде құлағы шуылдап кетті ме, әйтеуір ашулы жас жігіт: «ағай, сіз мені олай мазақтамаңыз. Өзіңізді жетістіріп алыңыз. Аяғыңыз шидей жіңішке. Тырнаға ұқсайсыз. Мен қортық та, қорқақ та емеспін. Қорықпайм, секірем» - деп айтып-айтып тастап, буын шығарып, терең тыныстап онысын шығарып жіберіп, аздап еңкейді бейне бір өзенге секіретіндей. «Әп бәлем, сазайын алады қазір. А-ның сабағы осымен бітті-ау. Ағай қазір көкесін танытады» - деп сыбырлаған дауыстар еміс-еміс естіліп тұрды. Педагог: «Тыныш!», секір, ал» - дегеннен басқа ешнәрсе айтпады. Еңкейгенде байқамапты, жастықтар бар ме еді өзі?. Көзін тарс жұмып айғайлаған күйі секіріп жіберген екен. Жастықтардың төселмегендігін еденге құлап, ауырсынуды сезінгенде ғана білді. Залдың қараңғылығы қандай жақсы болған, көзінен сыймай аққан ыстық жасты, танаудан шыққан ылғалды ешкім байқамады. Ауырсынуы бәлендей ұмытыла қоймаса да аяғын ақсатпай басып ұзынтыра ағайына

мақтанышпен қарап, ал не дейсің?» - деген ишара білдірді. Себебі тілін де тістеп алған.

Студент А-ның батыл әрекетін бақылаған оқытушы оның қайсар, шыншыл мінезін ұнатып қалды және оны керемет мансаптың бастауы болуы мүмкін ұшқын ретінде көрді. Содан бері А-ның өмірі түбегейлі өзгерді. Режиссер оның таланты мен адалдығын бағалай отырып, өзіне көмекші етіп бейресми тағайындады. Төрт жыл бойы олар бірге жұмыс істеді және профессордан актерлік шеберлікке ауадай қажет сахна қозғалысын, театр өнерінің қыр-сырын, тіпті кейбір өмірлік алтын қағидаларды да үйренді. Талапшыл оқытушы А-ның тәлімгері ғана емес, сонымен бірге нағыз досы да болды.

Қазір 2025 жыл. Алмаз Шыналиев М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Мәдени-тынығу жұмысы» кафедрасының оқытушысы. Мәдениет және өнер факультетінің оқу ғимаратында 10-аудиторияда 10 plus театрының дайындығын қадағалайтын режиссер. Ол жер Қазақстанның Халық әртісі Ерғали Оразымбетовтің атындағы шеберхана. «Сахна қимыл-қозғалысы» пәнінің мақсаты - білім алушыға баланс, координацияны ұстауды, акценттік элементтерді (шапшаң, бірден қимылдау, баяу қозғалу, қатып қалу, оқ тиіп ауырсыну, құлау т.б.) дұрыс орындауды үйрету. Шығармашылық тапсырманы дұрыс орындамаған студент құлау техникасын меңгермейінше өзге студент-парнерден сөз естіп, жерден, реквизиттен таяқ жейді. Сондықтан профессор

Е. Оразымбетов цирктік трюктерді жиі орындатып актерді жауынгерлік дайындықтан өткізіп алатын. Студент пен режиссердің алғашқы қақтығысы өмір бойы есте қалатын нағыз шығармашылық бауырластыққа ұласатынын ол кезде кім білген? Алмаз бен Ерғалидің тарихы түсінбеушіліктің терең достық пен өзара сыйластыққа ұласуы мүмкін екендігінің мысалы болды. Нағыз батылдық күтпеген сәттерде туады!!

Х.СМАҒҰЛ, Мәдениет және өнер факультеті, мәдени-тынығу жұмысы кафедрасының оқытушысы



НАШ ВЫПУСКНИК – НАША ГОРДОСТЬ

Жантасов Курманбек Тажмаханбетович

Выпускник КазХТИ 1974 года.

Родился 27 октября 1947 года в г. Чимкент Южно-Казахстанской области в семье учителя семилетней школы села Тастак — участника Великой Отечественной войны Жантасова Тажмаханбета. Он ушёл добровольцем на фронт в неполные 17 лет, был гвардии красноармейцем, получил ранение под Сталинградом и после войны более 45 лет проработал в системе среднего образования. Также он являлся председателем Совета ветеранов ВОВ и труда Ленинского района.

Мать — Жантасова Калипа, библиотекарь, Мать-героиня, родившая и воспитавшая десятерых детей.

Поскольку отец по партийному направлению работал в райкоме Георгиевского района, а также был директором школ в Тамерлановском, Арысском и Ленинском районах, воспитанием Курманбека в основном занимался его дед — Медетов Абдурахман, тоже участник ВОВ. Именно от него он перенял трудолюбие и любовь к земле.

Окончил в 1966 году среднюю школу №36 им. В. И. Мичурина в г. Шымкент. Отличался от сверстников хорошими знаниями по физике, химии, литературе и математике. Увлекался парашютным спортом, чтением журналов «Знание — сила», «Техника — молодёжи», «Химия и жизнь», а также «Наука и жизнь».



После окончания школы пытался поступить на механический факультет КазХТИ, но неудачно. Затем прошёл срочную службу в рядах Советской армии, где отслужил три года на должностях рядового и сержантского состава в системе ПВО.

Выбор специальности в будущем был во многом определён случайным обстоятельством. Во время вступительных экзаменов по химии, которые он сдал на «отлично» экзаменатору Касымову, произошла путаница с пропусками: его пропуск перепутали с пропуском однофамильца. В результате фамилия Жантасова Курманбека не оказалась в списке поступивших. Набрал 11 баллов, он не был зачислен, в то время как в приказе фигурировал другой абитуриент — Жантасов Т., получивший 9 баллов и льготы как поступающий после армии.

Курманбек пошёл на приём к ректору КазХТИ — Сулейменову Султану Таширбаевичу, где в присутствии приёмной комиссии рассказал о случившемся. После разбирательства ситуация была восстановлена справедливо, и Курманбек был зачислен на специальность «Технология нефти и газа».

С. Сулейменов попросил подождать его 10–15 минут в приёмной для выяснения сложившегося недоразумения. После чего пригласил Жантасова Курманбека в кабинет и сообщил, что он зачислен студентом по специальности «Технология электротермических производств».

Курманбек Жантасов никогда не жалел, что не стал химиком-нефтяником, а выбрал направление ТЭТП (Технология электротермических производств). Именно в этой области он достиг елеулі биіктерге — больших высот, став признанным учёным, получившим мировую известность. Он стал научным консультантом своих одноклассников — Алтеева Т.А. и Байпанова К.Б., которые успешно защитили кандидатские диссертации в 1993 и 1996 годах по специальности 05.17.01 — «Технология неорганических веществ».

В 1974 году состоялся шестой выпуск инженеров-химиков-технологов по специальности «ТЭТП». Из 30 выпускников сразу 7 человек впоследствии защитили кандидатские диссертации: Жантасов К.Т., Тлеуов А.С., Алтеев Т.А., Альжанов С.А., Байпанов К.Б., Барлыбаев М.Р. и Батькаев Р.И.

Кроме того, четверо из них стали докторами наук: Жантасов К.Т. (1999), Тлеуов А.С. (2000), Батькаев Р.И. (2010) және Алтеев Т.А. (2010).

После окончания КазХТИ почти год проработал по распределению на Чимкентском фосфорном заводе, пройдя все технологические стадии производства жёлтого фосфора — от загрузки, переработки сырьевых материалов, шлаковки, очистки печного газа и его конденсации в башнях «горячей» и «холодной» ступени.



В апреле 1975 года устроился на работу в отраслевой научно-исследовательский институт «КазНИИГипрофосфор», где занимал должности инженера, младшего и старшего научного сотрудника, заведующего секторами и лабораториями.

В октябре 1991 года проходил обучение в Англии (Лондон) по программе «Жизнь в условиях рынка» Goodwill Holidays Holiday and Study Tours, а в 2008 г. — стажировку в Германии, в Хемницком техническом университете (Хемниц).

Основатель научной школы: «Термохимическое и химическое обогащение минерального сырья и техногенных отходов химических, горнодобывающих и других отраслей производства с улучшением экологической и промышленной безопасности» (Российская академия естествознания, сертификат № 00872, 2014 г.).

Автор более 80 патентов и авторских свидетельств СССР, Евразийских патентов и патентов Республики Казахстан, а также двух авторских произведений № ЕС-01-002539 и № ЕС-01-003041 Международного депозитария авторских произведений 167 стран — членов Бернской конвенции (Берн, Швейцария).

По данным Википедии 2016 года: <https://ru.wikipedia.org/wiki/> — «Химик XX века», «Химик XXI века», «Химик СССР» и «Химик Республики Казахстан».

- «Заслуженный ветеран института» КазНИИГипрофосфор (1986 г.);
- Государственная премия Республики Казахстан в области науки, техники и образования (2005 г.);
- Благодарственное письмо акимата Южно-Казахстанской области (2005 г.);
- «Лучший учёный года ЮКО» (2005 г.);
- Медаль «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан» (2006 г.);
- Медаль «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» (2013 г.);
- Медаль общественного объединения ЮКО «Qurmet - АВ» — «Төле би Әлібекұлы — 350» (2014 г.);
- Нагрудный знак «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2015 г.);
- Звание «Химия өнеркәсібінің үздік қызметкері» (от 19.05.2016 г.);
- Медаль общественного объединения ЮКО «Qurmet - АВ» — «Халық құрметі» (2017 г.);
- Нагрудный знак «За особые заслуги по защите трудовых, социально-экономических прав и интересов в образовании области»;
- Памятная медаль «100 лет Вооружённым силам»;
- Награда общественного объединения медиаторов «Бітімгер».



14 октября 2022 года указом Президента РК К.Ж. Токаева награждён орденом «Құрмет».

Российская академия естествознания наградила почётным званием «Заслуженный деятель науки и образования» (Москва, 2013 г.);

Медаль А. Нобеля (2014 г.), Российская академия естествознания;

«Лучший информационный проект» — учебник «Технологическое оснащение производства жёлтого фосфора»;

Медаль «European Scientific and Industrial Consortium - Dmitri Mendeleev» (2014 г.);

Почётное звание «Основатель научной школы» (2014 г.);

Включён в 16-й том энциклопедии «Известные учёные России», президиум Российской академии естествознания — Жантасов Курманбек Тажмаханбетович (www.famous-scientists.ru, 2014 г.);

Орден «Labore et Scientia — трудом и знанием» (2015 г.);

Золотая медаль Russian Academy of Natural History. International Association of Scientists, Educators and Specialists.

Paris Book Fair, 17-20 марта 2016 г., Париж. Certificate of participation.

Современные технологии переработки минерального сырья, Российская академия естествознания.

Действительный член Академии Естествознания (2015 г.);

Орден Александра Великого — «За научные победы и свершения» (2015 г.);

Орден Екатерины Великой — «За служение образованию и науке» (2020 г.).



Отбасында қыз бала тәрбиесін қалыптастырудың жетекші мәні



Қыз баланың қауіпсіздігі – қоғамның мәдениет деңгейін айқындайтын басты өлшемдердің бірі. Қазіргі жаһандану дәуірінде ақпараттың ағыны мен әлеуметтік желілердің ықпалы күшейген сайын, жасөспірім қыздардың психологиялық және физикалық қауіпсіздігіне деген алаңдаушылық күн сайын артып келеді. Сондықтан балаға сенімді орта қалыптастыру – тек отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Қыз баланың бойындағы сенім мен өз-өзіне деген құрмет ең алдымен отбасынан бастау алады.

Әке мен ананың қарым-қатынасы, жылы сөзі мен қамқорлығы – баланың өзін қоғамда еркін, қауіпсіз сезінуінің негізі. Отбасында қалыптасқан тәрбие негізі қыз баланың болашағына кепілдік. Ата-ананың міндеті – қыз баланы қорқытып немесе шектеумен емес, түсіністік пен сенім арқылы тәрбиелеу болып табылады. Қызға өз пікірін ашық айтуға, өзін-өзі қорғауға, қажет жағдайда көмек сұрауға үйрету – өмірлік маңызды дағды. Қыз баланың отбасына сеніммен өз ойын білдіре алуы, қазіргі таңда маңызды қадам. Бұл әрекеттің негізгі бастауы білім ордасында екенін айта кеткен жөн. Мұнда да сенімді, сыйластыққа құрылған орта қалыптасуы қажет. Педагог бен студент арасындағы жылы байланыс, достыққа, сыйластыққа негізделген ұжымдық ахуал баланың тұлғалық дамуына әсер етеді.

Қыз баланың қауіпсіздігі тек физикалық шеңбермен шектелмейді. Бүгінде ақпараттық кеңістік – ең осал тұстардың бірі. Әлеуметтік желілерде шектен тыс ашықтық, жалған иде-



алдарға еліктеу, интернеттегі теріс ықпалдар қыз баланың психологиясына елеулі әсер етуі мүмкін. Сондықтан медиа мәдениетін қалып-

тастыру, цифрлық қауіпсіздік дағдыларын үйрету – заман талабы. Әр ата-ана мен ұстаз баланың интернеттегі әрекетіне немқұрайлы қарамауы тиіс. Қыз бала – болашақ ана, болашақ ұрпақтың жалғасы. Оған жасалған қауіп – ұлттың болашағына жасалған қауіп. Сол себепті қоғамда қыз баланы қорғау мәдениетін, құрмет пен ізетті арттыру бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуі керек. Қыздың сөзі еленетін, ойы тыңдалатын, қауіпсіз әрі сенімді орта – әділетті қоғамның міндеті. Сенімді орта қалыптастыру – заңмен емес, жүрекпен жасалатын іс. Әрбіріміз өз отбасымыздан бастап, қыз баланың қадірін түсініп, оның намысы мен абыройын қорғай білсек – мықты, мәдениетті ұлт қалыптасады.

А.ТАЗАБЕК., А.МУСИРОВА,
«Журналистика және қазақ тілі»
кафедрасының аға оқытушылары



Бауыржан Момышұлы – Қазақстан тарихындағы көрнекті тұлға. Оның сан қырлы қызметі тек әскери өнермен ғана шектелмей, әдебиет, философия, ұлттық бірегейлік пен патриоттық тәрбие мәселелерін де кеңінен қамтиды. Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлігімен елге танылған аңызға айналған қолбасшы – сонымен қатар терең ойлы жазушы, құнды әдеби мұра қалдырған кемеңгер тұлға ретінде де тарихта қалды.

2025 жылы оның туғанына 115 жыл толады, бұл оның Қазақстанның әскери стратегиясын, ұлттық мәдениетін және қоғамдық ой-өріс дамытуға қосқан үлесін ғылыми тұрғыдан түсінуге негіз болады.

Момышұлының әдеби мұрасы да ғылыми қызығушылық тудырады, өйткені оның шығармалары әскери оқиғаларды сипаттап қана қоймай, кейінгі ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің идеологиялық негізін құрайды. Оның кітаптарында әскери тәртіп, Отанға деген сүйіспеншілік туралы философиялық ойлар бар, сонымен қатар соғыс жағдайында сарбаздармен болатын күрделі психологиялық процестерді талдайды.

Бауыржан Момышұлының әскери дүниетанымы – ұлттық дәстүр, кеңестік әскери доктрина және жауынгерлік тәжірибенің үйлесімді әсерінен қалыптасқан ерекше жүйе. Дала дәстүрі рухында тәрбиеленген ол бала кезінен ар-намыс, үлкенге құрмет, Отан мен халықты қорғау секілді қағидаттарды бойына сіңірді. Осы дәстүрлі құндылықтар оның әскери тәжірибесінде де, сарбаздарды басқарудағы көзқарасында да айқын көрініс тапты.

Момышұлының әскери мұрасының маңызды аспектілерінің бірі-оның тактикалық ойлауы. Атап айтқанда, оның 1941 жылдың күзінде-қыста Мәскеуді қорғауға қатысуы оған қалалық жағдайда жүргізудің ерекше әдістерін жасауға мүмкіндік берді. Ол командир тек кәсіби білімге ие болып қана қоймай, оның қарамағындағылар үшін моральдық үлгі болуы керек деп есептеді. Оның жазбаларында сарбаздар арасындағы қорқыныш пен дүрбелең көбінесе объективті қиындықтардан емес, нақты басшылық пен командирге деген сенімділіктің болмауынан туындайды деген ойлар бар.

Бауыржан Момышұлының әдеби мұрасы соғыс туралы терең рефлексиямен ерекшеленеді. «Біздің артымызда Мәскеу» сияқты шығармаларында ол текевые қимылдарын сипаттап қана қоймай, төтенше жағдайларда адамның мінез-құлқын талдайды. Сарбаздардың психологиялық жағдайына, олардың қорқынышына, күмәніне, міндет пен жауапкершілік сезіміне ерекше назар аударылады.

Момышұлының көптеген еңбектерінде соғыс, ар-намыс, парыз және жауапкершілік табиғаты туралы философиялық сұрақтар көтеріледі. Ол соғысты қарулы қақтығыс ретінде ғана емес, адамның адамгершілік қасиеттерін сынау

ретінде де қарастырады. Оның пікірінше, Жеңіс сарбаздардың ішкі тәртібі мен патриотизм сезімі жоғары болған жағдайда ғана мүмкін болады.

Оның көзқарастары Карл фон Клаузевиц пен Сунь-цзы сияқты ойшылдардың еңбектерінде ұсынылған әскери өнердің философиялық тұжырымдамаларына көп әсер етеді. Алайда, батыстық стратегтерден айырмашылығы, Момышұлы соғыстың рухани құрамдас бөлігіне баса назар аударып, оны тек физикалық күштердің ғана емес, моральдық сенімдердің күресі ретінде қарастырады.

Момышұлы қазақтың ұлттық бірегейлігін дамытуға елеулі үлес қосты. Оның шығармалары, естеліктері мен идеологиялық принциптері Қазақстандықтардың патриоттық дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етті.

Посткеңестік кезеңде оның қайраткері Қазақстанның ұлттық жаңғыруының нышандарының біріне айналды. Оның бейнесінде қазақ мәдениетінің негізгі құндылықтары көрініс тапты: батылдық, Ар-намыс, дәстүрлерге адалдық және өз Отанын қорғауға дайын болу.

Бүгінгі таңда Момышұлы ұсынған идеялар өзекті болып қала береді. Қазақстанның әскери білім беру жүйесінде оның тактикалық және стратегиялық принциптері пайдаланылады, ал оның әдеби шығармалары мектептер мен университеттерде оқытылады.

Бауыржан Момышұлы-аңызға айналған командир ғана емес, сонымен қатар мұрасы әскери тарихтан әлдеқайда асып түсетін терең ойшыл. Оның соғыс тактикасы, тәртібі, патриотизмі және психологиясы туралы идеялары бүгінгі күнге дейін өзекті болып қала береді.

С.ТОКТЫБАЕВ, «М. Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ әскери кафедрасының оқытушысы, запастағы подполковник

Студент ұсынысы

Елімізде қазіргі таңда әскери кафедралардың саны көп. Мұндай кафедраларда оқитын студенттер тек жақсы маман болып қана қоймай, сонымен қатар ұлттық мүдде үшін барын салуға дайын азаматтар ретінде тәрбиеленуде. Бұл еліміздің Қарулы Күштерін одан әрі нығайтады деп сенемін.

Менің ойымша, әскери кафедрадағы барлық студенттер сабаққа кірер алдында еліміздің Әнұранын айтуы қажет. Бұл олардың бойындағы отансүйгіштік сезімді арттырып, патриоттық тәрбиенің ең тиімді әдісі болар еді.

Мен өзім қазіргі таңда М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың әскери кафедрасында оқимын. Бұл жерде қатаң әскери тәртіппен жастарды Отанға қызмет етуге дайындайды. Кафедраның негізі 1963 жылы қаланған. Бүгінге дейін 1860 офицер даярлап шығарды және бұл көрсеткіштің әрі қарай да арта беретініне сенімім мол.

Келесі жылы әскери кафедраның құрылғанына 63 жыл толады. Осы орайда кафедрада мерекелік шаралар ұйымдастырылса, бұл тарихи естелік болып, болашақ ұрпаққа үлгі болар еді.

Әскери кафедрада офицерлер мен сержанттарға арналған көптеген мамандықтар бар. Мысалы, химиялық техника мен мүлік жабдықтары, жабық тұрмандарды зарарсыздандыру, отшашар-өртеу құралдары және тағы басқа. Бұл мамандықтардың барлығы еліміздің Қарулы Күштерін нығайтуға елеулі үлес қосатыны сөзсіз.

Менің ұсыныстарым басшылық тарапынан ескерілер деп үміттенемін. Біздің әскери кафедра еліміздің болашағын қалыптастырып, жастарды ұлттық мүдде үшін бәріне дайын азаматтар ретінде тәрбиелей беретініне сенімдімін.

**Б.ӘБІЛПАТТАН,
тп 23-5 к тобының студенті**



А.О. Обильяры

кафедры русского языка и литературы

Вот и завершился 2025-й год - год непростой, но щедрый на события для нашей кафедры русского языка и литературы. Он был, как сама жизнь: многогранный, контрастный. Были в нём и трудные страницы, и светлые, радостные дни, и невосполнимые утраты, и трогательные, согревающие сердце моменты. Но главное наше богатство не в памятных датах и не в бумагах с печатями. Главная ценность кафедры - люди. Это ценность, которая и лежит в основе всех достижений кафедры.

Сегодня мы чествуем наших юбиляров: Амандыкову Сауле Хамзеевну, Бахтибаеву Фариду Алишовну и Керимжанову Акмарал Сейткеримовну.



Профессиональный путь Сауле Хамзеевны - это пример высокой ответственности, преданности слову, науке и своему делу. С момента окончания Чимкентского педагогического института в 1982 году она посвятила себя преподаванию русского языка. С 2004 года по 2020 год занимала должность заведующей кафедрой русского, казахского и латинского языков в ЮКГМА, возглавляя её на протяжении шестнадцати лет. Защита диссертации на соискание степени кандидата наук, создание 36 учебников и учебно-методических пособий - значимые вехи на педагогическом поприще С.Х. Амандыковой. Многолетний труд отмечен многочисленными грамотами, благодарностями, медалью «За доблестный труд», а также высоким доверием международного экспертного сообщества QS.

Сауле Хамзеевна достойно представляет наш университет на международных конференциях, форумах, зимних и летних школах, внося весомый вклад в развитие науки и образования.

Акмарал Сейткеримовна окончила КазГосЖенПИ в 1987 году. Учась на пятом курсе института, она стала участницей трагических декабрьских событий 1986 года в Алматы. Вместе со своими сокурсницами и студентами других вузов она вышла на митинг протеста - событие, оставившее глубокий след в её душе. Несмотря на пережитое, она сумела завершить обучение и получить диплом. На кафедре Акмарал Сейткеримовну порой любовно называют «наша декабристка»; в этом обращении - дань мужеству юной девушки, патриотке, глубоко верящей в высшую справедливость. Свою учительскую карьеру Керимжанова А.С. начала в родной школе, пронёсая через годы стойкость, принципы и любовь к делу, закалённые тем памятным декабрём. Сегодня Акмарал Сейткеримовна - мама двух замечательных детей, счастливая бабушка семи внуков. Долгие годы она трудилась бок о бок со своим супругом - кандидатом наук, математиком, человеком науки и высокой ответственности. Вместе они прошли большой профессиональный путь, начав его в селе, среди достойнейших людей - заслуженных преподавателей. Роза Кирилловна Ольхова, Мария Ивановна Троянова, Валентина Петровна Каншина, Анна Михайловна Меер - истинные корифеи педагогической науки, и судьба подарила А.С. Керимжановой счастье учиться у них профессионализму, доброте и умению жить с достоинством.



Профессиональный путь Фариды Алишовны - это 39 лет служения школе, детям, слову и великому делу просвещения. Настоящий педагог, человек, который не просто учит, а ведёт, поддерживает, вдохновляет. Пройдя все ступени в образовании: учитель начальных классов, среднего и старшего звена, заместитель директора, руководитель школы - сегодня этот талантливый педагог передаёт бесценный опыт своим студентам. Занятия Фариды Алишевы всегда отличаются глубиной, вниманием к каждому и стремлением найти индивидуальный подход. Она никогда не останавливается на достигнутом, ищет новые методы, креативные решения, современные подходы. Для нее важно не только дать знания, а стараться донести их так, чтобы они пробуждали интерес и давали результат. Не случайно именно эти слова стали жизненным кредо Фариды Алишевы: «Только любя дитя, можно найти ключ к его сердцу». Многолетний труд отмечен грамотами, наградами и медалью «Отличник образования» - знаками признания таланта, мудрости и бесконечного терпения. Сегодня рядом с Фаридой Алишовной дружная семья, выросшие дети, внуки и, конечно, студенты, которые видят в наставнике пример профессионализма и человеческого достоинства.



Дорогие наши юбиляры Сауле Хамзеевна, Фарида Алишовна и Акмарал Сейткеримовна! Вы не просто преподаёте русский язык - вы формируете языковую личность, воспитываете культуру мышления, прививаете любовь к слову. Вы внесли значительный вклад в развитие современных подходов к обучению, сочетая классические традиции с инновационными педагогическими технологиями. Занятия, проводимые вами, становятся пространством живого общения, интеллектуального поиска и духовного развития. Вы умеете пробуждать интерес даже у тех студентов, кто изначально боялся сложностей языка, и превращаете обучение в увлекательный и осмысленный процесс. Отдельные слова благодарности - за вашу работу со студентами. Для них вы не только преподаватели, но и наставники, люди высокой культуры, интеллекта и душевной теплоты. Ваш труд - это не только знания, переданные студентам, но и судьбы, в которых вы оставили неизгладимый след. Ваш педагогический авторитет, человеческая мудрость и преданность профессии вызывают искреннее уважение и признательность. Желаем Вам крепкого здоровья, неиссякаемой энергии, новых творческих идей, благодарных студентов и долгих лет активной, плодотворной жизни!

С.КАЛДЫГОЗОВА,
к.п.н., доцент, зав. кафедрой
«Русский язык и литература»



Қоғамның дамуы тек материалдық жетістіктермен ғана емес, адамдар арасындағы мейірім мен жанашырлықтың деңгейімен өлшенеді. Адамзаттан асқан құндылық жоқ, ал адамгершілік, бауырмалдық, қолдау көрсету секілді қасиеттер әр ұлттың рухани тірегі болып саналады. Осындай асыл қасиеттерді дәріптеуді мақсат еткен «Бір тамшы – мейірім» қайырымдылық іс-шарасы – шынайы жанашырлық пен ізгі ниеттің жарқын көрінісі.

«Бір тамшы мейірім»

Осы орайда, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Техникалық мамандықтар үшін шет тілі» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы «Бір тамшы мейірім» атты қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды.

Тәуелсіздік күні қарсаңында Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қасымбек Датқа ауылындағы «Түркістан облысының арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы» балаларына қайырымдылық іс-шарасы одан әрі жалғасты.

Орталықтағы балаларға жан-жақты қолдау көрсетіп, оларға мейірім мен қамқорлық сыйлау, адамгершілік құндылықтарды насихаттау, балалармен жылы қарым-қатынас орнатып, олардың қоғам назарынан тыс қалмайтынын сезіндіру болды.

Іс-шара барысында балаларға түрлі сыйлықтар табысталып, шағын концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Балалардың жүзіндегі шаттық пен шынайы күлкі жүректерге ерекше жылулық сыйлап, қатысушыларға үлкен әсер қалдырды.

Бұл игі іс-шара балаларға тек материалдық көмек көрсетіп қана қоймай рухани тұрғыдан да қолдау бола алды. Олар үлкендердің қамқорлығын сезініп, өз болашағына үмітпен қарауға тағы да бір қадам жасады.



Қайырымдылық мәдениетін қалыптастыру – тәрбиенің ең биік сатысы. Мұндай іс-шаралар балалар мен жасөспірімдердің бойына мейірімділік, жанашырлық, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерді сіңіреді. Жастардың қоғамдық белсенділігін арттырып, әлеуметтік жауапкершілігін тереңдетеді.

Сонымен қатар, бұл шара адамдардың бір-біріне деген сенімін күшейтіп, қоғамның ортақ құндылықтар төңірегінде біріккенін көрсетеді. Көпшілікке үлгі боларлық осындай бастамалар арқылы біз берекелі, тату, жанашыр қоғам қалыптастыруға үлес қосамыз.

Қорытындылай келе, қайырымдылық – қоғамды ізгілік пен мейірімге бастайтын асыл құндылықтардың бірі. Осындай игі бастамалар арқылы әрбір баланың бақытты өмір сүруге лайық екенін тағы да бір мәрте дәлелдейміз. Алдағы уақытта да мұндай игі істер жалғасын табады деп сенеміз.

Г.САТЫЛХАНОВА,
«Техникалық мамандықтар үшін шет тілі» кафедрасының философия докторы (PhD)

The Role of Universities in Shaping Future Leaders

In today's interconnected and rapidly evolving world, the demand for responsible, innovative, and ethically conscious leaders is greater than ever before. As societies face complex challenges — from climate change and geopolitical tensions to technological disruption and economic inequality — the role of universities extends far beyond providing academic knowledge. Modern higher education institutions have become incubators of leadership, equipping students with the intellectual tools, social awareness, professional competencies, and personal values that collectively prepare them to influence the future.



One of the primary functions of universities is to cultivate deep, independent, and analytical thinking. Unlike earlier stages of education, university learning emphasizes critical inquiry over memorization. Students are encouraged to engage with theories, question assumptions, and challenge established ideas. This intellectual flexibility is essential for leadership, as leaders frequently operate in uncertain environments where quick, yet thoughtful, decision-making is required.

Research-oriented coursework, seminars, and academic projects expose students to the process of generating new knowledge. By analyzing data, conducting experiments, and presenting findings, students learn to develop evidence-based arguments — a fundamental skill for leaders responsible for making informed decisions. Such academic rigor builds not only competence but also confidence, enabling graduates to navigate professional challenges with clarity and purpose.

Leadership is not solely about intelligence; it also depends on the ability to communicate effectively. Universities provide countless opportunities for students to practice public speaking, group discussion, negotiation, and conflict resolution. These skills are refined through classroom presentations, debates, collaborative research assignments, and participation in student committees.

Moreover, the multicultural environment of modern universities exposes students to peers from diverse backgrounds. Interacting with individuals who hold different perspectives encourages tolerance, empathy, and cross-cultural communication — qualities essential for leading global teams in today's internationalized workforce. Learning to appreciate diversity also helps future leaders avoid bias and make inclusive decisions that consider the needs of various social groups.

Beyond academic programs, universities are rich ecosystems of extracurricular organizations

and initiatives that serve as real-life leadership laboratories. Student governments, academic clubs, sports teams, cultural associations, and volunteer projects allow students to take on leadership roles where they must organize events, manage budgets, motivate teams, solve logistical problems, and handle unexpected challenges. These experiences teach resilience, accountability, and adaptability. Internships and partnerships with industry further strengthen this aspect. By applying theoretical knowledge in real professional settings, students gain insight into workplace dynamics and leadership expectations. Such experiences not only enhance employability but also allow students to explore different leadership styles and understand how effective leaders inspire and guide others.

In a world increasingly shaped by powerful technologies and global interdependence, ethical leadership is indispensable. Universities are responsible for instilling strong moral foundations in future leaders. Courses in ethics, philosophy, political science, sustainability, and social justice encourage students to reflect on the consequences of decisions and to consider the broader impact of their actions. Many institutions incorporate service-learning programs, where academic studies are combined with community engagement. These programs expose students to real societal problems — poverty, environmental degradation, educational inequality — and empower them to contribute solutions. This nurtures compassion, civic responsibility, and a sense of duty toward the public good. Universities thus help students understand that leadership is not only about authority or success, but also about integrity, accountability, and a commitment to improving society.

A significant component of modern leadership involves innovation. Universities foster creativity through interdisciplinary learning, research labs, technology centers, and entrepreneurship programs. Students are encouraged to

experiment, take intellectual risks, and explore unconventional ideas. Innovation hubs and start-up incubators on campuses help students turn concepts into real projects or businesses. By collaborating with faculty, researchers, and industry mentors, students learn how to solve problems creatively and drive progress within their communities and industries. This entrepreneurial mindset — embracing experimentation, learning from failure, and seeking improvement — is crucial for leading in a fast-changing world.

Universities are communities of scholars, experts, and professionals who serve as mentors and role models. Professors inspire students not only with knowledge but also with passion, intellectual curiosity, and dedication. Interaction with mentors helps students discover their strengths, identify career goals, and build networks that support their personal and professional development. Additionally, friendships and collaborations formed during university years often last a lifetime. These networks can evolve into professional partnerships, contributing to future leadership opportunities.

In summary, universities play a multifaceted and transformative role in shaping future leaders. Through intellectual training, communication development, practical experience, ethical guidance, and the encouragement of creativity, higher education institutions prepare students to navigate the complexities of modern life with wisdom and integrity. By fostering both competence and character, universities ensure that future leaders are not only effective but also responsible, visionary, and committed to the betterment of society.

A. QASJET

Master, English Language Lecturer

M. Auezov South Kazakhstan University

» Айтайын дегенім...

Бала – бұрынғы бала емес,

ендеше, мұғалім де бұрынғы мұғалім болмауы керек!



Бүгінде білім саласында кездесетін бір маңызды мәселе бар. Ол – мектептегі құндылықтарды қалыптастырудағы директордың рөлі. Жаһандану заманында барлығы көз ілеспес жылдамдықпен өзгеруде. Ата-ананың талаптары, балалардың психологиясы, ақпараттың жылдамдығы, білім беру форматы. Бірақ, бір ғана нәрсе өзгермейді, мектеп – кез келген бала адам болып қалыптасатын маңызды орын.

Өмір ағымы күшейді, адамдардың қарым-қатынасы әлсіреді, балалардың жан дүниесі нәзіктеніп, ата-ананың жүгі ауырлады. Осындай кезеңде адамгершіліктің, сабырдың, мейірімнің, ұяттың, ізеттің қамалы болып қалатын да мектептің өзі. «Адам өмірінде үш ұстаз болады» дейді дана қазақ. Бірі – ата-ана, екіншісі – орта болса, үшіншісі – мұғалім. Алайда, уақыт жылжып, қоғам өзгерген сайын, осы үш ұстаздың ішінде мінез қалыптастырып, бағыт беріп, адамды адам қылып шығаратын жалғыз тұрақты шырақ – мектеп болып қалғанын мойындауға мәжбүрміз.

Құндылық дегенді біз кейде қағаздан іздейміз. Ал, шын мәнінде құндылық – қабырғада ілулі тұрған ереже емес, ол – мұғалімнің жүріс-тұрысынан, көркем мінезінен, сөзінің салмағынан сезілетін төктілік. Кейбір балалар

мектептен ілім-ғылым үйренбей кетуі мүмкін, бірақ жақсы мінез алып шығуы міндетті. Өйткені, білімді адам көп, бірақ оның бәрі көргенді емес. Біздің міндет – білімді тереңдету ғана емес, көргенділікті жоғалтпау.

Бүгінгі балаға кешегі ақыл жүрмейді. Себебі, бүгінгі балалар – жаңа буын. Олар өзгеше ойлайды, батыл, еркін, көп сұрақ қояды. Бұрынғы «айттым – бітті» моделі жоқ. Бүгінгі баланың заманы бөлек, олар ақпаратпен арпалысып өсіп келеді. Бала бұрынғы бала емес, сондықтан мұғалім де бұрынғы мұғалім болмауы тиіс. Осы ретте біз бірнеше жазылмаған ережені түсінугіміз керек: бүгінгі балаға бұйрық емес – түсіндіру, үркіту емес – ұғындыру оң әсер етеді; бүгінгі балаға қорқыныш емес сенім сыйлап, бағыт беру қажет; бүгінгі баланы жазалауға асықпай,

жүйені көрсету керек. Ол жүйені құратын – директор. Мұғалім – бұйрық беруші емес, жол сілтеуші. Ал, директор сол жолдың жарығын жағып тұруға міндетті.

Шаршаған, мотивациясы жоқ, қадірі жоқ мұғалім ешқашан балаға шабыт бере алмайды. Мұғалімнің жан дүниесі – мектептің шын деңгейін анықтайды. Шаршаған мұғалім – шаршаған мектеп, шабытты мұғалім – шабытты мектеп. Сондықтан директордың басты міндеті, ең үлкен ерлігі – мұғалімді демеу, мұғалімге жағдай жасау, оның рухын сындырмау болса керек. Қағаздан қорғау, қажетсіз жүктемеден босату, жылы сөз айту, еңбегін бағалай білу – бұл да тәрбиенің бір түрі. Тиісінше, мұғалімге қанат біткен жерде ғана баланың арманы шарықтай бастайды. Ал, балаға жақсы сөз айту үшін, мұғалімнің өзі жақсы күйде болуы керек.

Біз – елдің болашағымен жұмыс істейтін, келешекпен бүгін сөйлесетін мамандық иелеріміз. Мәселен, дәрігер тәнді емдейді, құрылысшы үй салады, кәсіпкер өз идеясын іске асыру арқылы табысты адамға айналады. Тиісінше, оларды қалыптастыратын – мұғалім. Ал, мектеп директоры ұстаздардың ордасын басқарады. Адамзатты алға сүйреген мемлекеттер біліммен дамыды, ал, білімді алға сүйреген – ұстаз. Сондай-ақ, ұстаздардың өзіне дем беретін, мектептің жүрегінің соқтыратын, тәрбие мен тәртіптің тепе-теңдігін ұстап тұратын бір тұлға бар, ол – директор. Мектеп үлкен оркестр болса, оның ырғаққа түсуін қамтамасыз ететін дирижер – директор. Сондықтан біздің әр сөзіміз, әр шешіміміз ертеңгі ұрпақтың тағдырына, ұлттың мінезіне әсер етеді.

Керімбек АСЫЛБЕКОВ,
«Отырар» жалпы білім беретін мектептің директоры.
Отырар ауданы.

» Қайырымдылық



«Бір тамшы мейірім»

Қоғамның дамуы тек материалдық жетістіктермен ғана емес, адамдар арасындағы мейірім мен жанашырлықтың деңгейімен де өлшенеді. Адамгершілік, бауырмалдық, қолдау көрсету секілді қасиеттер әр ұлттың рухани тірегі болып саналады. Осындай асыл қасиеттерді дәріптеуді мақсат еткен «Бір тамшы мейірім» қайырымдылық іс-шарасы шынайы жанашырлық пен ізгі ниеттің жарқын көрінісіндей болып өтті.

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Техникалық мамандықтар үшін шет тілі» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы «Бір тамшы мейірім» атты қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды. Жәрмеңке Сайрам ауданы, Қасымбек датқа ауылындағы облыстық арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығында өтті.

Іс-шара барысында балаларға түрлі сыйлықтар табысталып, шағын концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Балалардың жүзіндегі шаттық пен шынайы күлкі жүректерге ерекше жылылық сыйлап, қатысушыларға үлкен әсер қалдырды.

Бұл игі іс-шара балаларға тек материалдық көмек көрсетіп қана қоймай, рухани тұрғыдан да қолдаумен есте қалды. Олар үлкендердің қамқорлығын сезініп, өз болашағына үмітпен

қарауға тағы да бір қадам жасады. Қайырымдылық мәдениетін қалыптастыру – тәрбиенің ең биік сатысы. Мұндай іс-шаралар балалар мен жасөспірімдердің бойына мейірімділік, жанашырлық, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерді сіңіреді. Жастардың қоғамдық белсенділігін оятып, әлеуметтік жауапкершілігін тереңдетеді.

Біз осындай игі бастамалар арқылы әрбір баланың бақытты өмір сүруге лайық екенін тағы да бір мәрте дәлелдейміз. Алдағы уақытта да мұндай игі шаралар жалғасады деп сенеміз.

Г.САТЫЛХАНОВА,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің техникалық мамандықтар үшін шет тілі кафедрасының профессор-оқытушысы, философия докторы (PhD).

» Өнеге

Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан

Адамның нағыз тұлға болып қалыптасуына, бойындағы адамдық қасиеттердің мол болуына ықпал жасайтын ұстаздың еңбегі өлшеусіз. Ұстаз болу – тек білім беру ғана емес, сонымен қатар мейірімділікті, парасаттылықты және жүрек жылуын талап ететін үлкен жауапкершілік. Нағыз ұстаздың өмірлік мақсаты – шәкірттерін тәрбиелеп, терең білім беру арқылы оларға өмірдегі өз жолын араспай табуға көмектесу. Осы тұрғыдан алғанда, мектеп табалдырығын аттаған әрбір оқушыны өмір күресіне дайындайтын ұстаз еңбегіне баға жетпейді.

Біздің өмірімізде де осы қасиеттердің бәрін бойына жинаған, жүрек жылуын шәкірттеріне арнаған ерекше жан болды. Ол – Сәуле Сәниқызы Әлжанова. Сәуле апай бүкіл саналы өмірін ағартушылық ісіне арнады. Еңбек жолын 1972 жылы Алғабас (қазіргі Бәйдібек) ауданы, Шаян ауылындағы М.Әуезов атындағы орта мектепте физика пәнінің мұғалімі болып бастаған. Кейіннен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, өмірінің соңына дейін мектеп директоры міндетін абыроймен атқарды.

Сәуле Сәниқызы 1973-1975 жылдар аралығында біздің сынып жетекшіміз болып, физика пәнінен дәріс берді. Оның сабақ беру мәнері ерекше еді, біздің пәнге деген қызығушылығымызды оятып, тіпті сыныпта физика сабағына дайындалмай келетін оқушы болмайтын. Сәуле апай сабақ тақырыбына қатысты қызықты ғылыми тәжірибелер өткізетін. Сонымен қатар, сабақтан тыс уақытта тәрбие жұмысына үлкен мән беретін. Оның жетекшілігімен біз мектептің іс-шараларына, спорт жарыстарына, түрлі конкурстар мен аудандық байқауларға белсенді қатысып, үздік нәтижелерге қол жеткіздік.

1975 жылы 37 түлек мектептен қолтасып, жаңа өмірге қадам баптық. Құрбы-құрдастарымыз Мәскеу, Алматы, Қарағанды, Шымкент қалаларының жоғары оқу орындарына түсіп, студент атанды. Біздің



бұл жетістігіміз ұстазымыздың тынымсыз еңбегінің жемісі еді.

1995 жылы мектеп бітіргенімізге 20 жыл толып, өзіміз оқыған мектептің акт залында салтанатты кездесу өткіздік. Сол кездесуде 10 «г» сынып тұлғалары өмірдегі жетістіктеріміз туралы айтып, ой бөлістік. Бізді сол кездегі Сәуле апайдың директорлық қызметтегі қамқорлығы ерекше таңғалдырды. Ол мектеп басшысы ретінде әрбір мұғалімнің, техникалық персонал қызметшілерінің және барлық оқушылардың есімдерін жатқа білетін. Оқу процесінің сапалы және тиімді жүргізілуі үшін мұғалімдерге барлық жағдайды жасап, үнемі қолдау көрсететін. Оқу процесін ұйымдастыруда мектеп мұғалімдері мен оқушылардың мүдделерін бөрінен жоғары қоятын.

Оның ерекше адамгершілік қасиеті – әр оқушының мектептен тыс өмірімен жете танысып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы төмен балаларға өзінің жеке қаражаты есебінен де көмек беретін. Мектептің жылыту жүйесіне қажетті көмір сатып алу немесе ғимарат шатырын ауыстыруда қаржыны өз қалтасынан шығарған кездері де болғанын естігенбіз. Осы күнге дейін мектеп мұғалімдері Сәуле апайдың осындай қамқорлықтарын жиі еске алып отырады. Оны айтасыз, ұжымының әр

мүшесін туған күнімен құттықтап, сыйлық жасайтын директорды көргендеріңіз бар ма?! Сәуле апайымыз дәл осылай істейтін. Бұл – ұстаздың шәкірттері мен өріп-тестеріне деген шексіз сүйіспеншілігінің және адамдық биік қасиетінің дәлелі.

Сәуле Сәниқызы білімді, мәдениетті, қарапайым, сыпайы және өте мейірімді жан еді. Ол өзі басқарып отырған мектептің мұғалімі Алматыға біліктілікті жоғарылату курсына кеткенде, оның отбасында орын алған қиын жағдайдың оң шешілуіне жағдай жасаған еді. Жақында Шаян ауылының мұражайында Сәуле апайға арналған экспозициялық бөлме ашылды. Оның салтанатты ашылуына мектеп тұлғалары, ұстаздар, ауыл тұрғындары мен аудандық әкімдіктің өкілдері қатысты. Мұражайда Сәуле апайдың өмір жолы, қазіргі Бәйдібек ауданының білім саласына сіңірген еңбегі туралы мәлімет беретін құжаттар, фотосуреттер мен деректер жинақталған.

Мектепті бітіргенімізге жарты ғасыр өтсе де, өмірден өз орнымызды табуға көмектескен Ұстаз алғысымыз шексіз, оның жарқын бейнесі әрқашан есімідзе. Ұстаз – бұл тек мамандық емес, бұл ұлы миссия!

Маржан ҚАЙЫПНАЗАР.

» Іс-шара



Халықаралық форсайт-сессия өтті

Түркістан индустриалды-құрылыс колледжінің ұйымдастыруымен «Кәсіптік білім берудегі инновациялар: тәжірибе, ізденіс және шешімдер» тақырыбында халықаралық форсайт-сессия өтті. Іс-шараның мақсаты – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мамандарының инновациялық шығармашылығын дамыту, кәсіби тұрғыда үздіксіз жетілуіне жағдай жасау, сондай-ақ шетелдік сарапшылармен бірлескен диалогтік алаң қалыптастыру.

Жиында кәсіптік білім берудің тартымдылығын арттыру, дуальді оқыту жүйесін кеңейту, оқу процесіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізу, инженер-педагогтардың кәсіби біліктілігін өндірістік кәсіпорындар базасында жетілдіру мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, әлеуметтік серіктестермен жұмысты жандандырып, білікті кадрлар даярлауда кәсіби әріптестіктің рөлі сөз болды.

Сессия барысында білікті мамандар өз тәжірибелерімен бөлісті. Атап айтқанда, Түркияның «AK FIRKAN» ЖШС «Firkan Primo» құрылыс жобасының жетекшісі, инженер-құрылысшы Чингизхан Колукыса «Firkan Primo» жобасының инновациялық технологиялар мен сапа стандарттары туралы баяндама жасады. «KNAUF KAZAKHSTAN» ЖШС оқу орталығының басшысы Олег Сотников Қазақстандағы KNAUF білім беру жобасының мүмкіндік-

терін таныстырды, Өзбекстанның Алмалық құрылыс-коммуналдық шаруашылығы техникумының директоры Сохиба Мирзакаримова құрылыс саласына мамандар даярлауда оқу бағдарламаларының рөліне тоқталды.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD, «Болашақ» бағдарламасының түлегі Дархан Артықбаев құрылыс саласындағы технологиялық өзгерістерге сай кадр даярлау қажеттілігі және еңбек нарығы сұранысының трансформациясы туралы сөз қозғады.

Сессия соңында қатысушылар үшін шеберлік сыныптары ұйымдастырылып, инженер-құрылысшы ЖШС базасында өндірістік оқыту көрсетілді.

Іс-шара кәсіптік білім беру саласындағы жаңа серіктестікке жол ашып, өзара тәжірибе алмасуға тың серпін берді.

Е.ҚОЖАХМЕТҰЛЫ.